ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15 мамыр №2301-24-00-2/1098 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Жанар Сапарбековна Ботабекова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Жанар Сапарбековна Ботабекованы мемлекеттік сатып алуғажосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралыталап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жанар Сапарбековна Ботабековамемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жанар Сапарбековна Ботабековадан талап қоюшы «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 23 998 (жиырма үш мың тоғыз жүз тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 720 (жеті жүз жиырма) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жанар Сапарбековна Ботабековадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 15.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024, судья Саулабаев А. Е., 25.06.2024

2301-24-3-1/1157

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс
Сот төрағасы А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім заңды күшіне 2024 жылдың 24 маусымында енді.
Сот төрағасы А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2024 Судья Саудабаев А. Б. 25.06.2024
2301-24-3-1/1157